

**Мәслихаттың 2014 жылғы 14 наурыздағы № 264 "Қостанай облыстық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы мәслихатының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 299 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 6 тамызда № 4971 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 220 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы мәслихатының 08.12.2017 № 220 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 9-бабына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облыстық мәслихатының 2014 жылғы 14 наурыздағы № 264 "Қостанай облыстық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4599 тіркелген , 2014 жылғы 13 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған ) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қостанай облыстық мәслихатының Регламентінде:

13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"13. Мәслихаттың қарауына жататын мәселелер бойынша мәслихаттың сессияларына қалалар мен аудандар мәслихаттарының хатшылары, облыс әкімі, қалалар мен аудандардың әкімдері, жұмысы туралы ақпарат сессияда қаралатын ұйымдардың басшылары мен өзге де лауазымды адамдары шақырылады. Сессияларға сессия төрағасының шақыруымен бұқаралық ақпарат құралдары, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар өкілдерінің қатысуына жол беріледі.", орыс тіліндегі мәтін өзгермейді;

20-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"20. Мәслихаттың нормативтік құқықтық шешімдері Әділет министрлігі аумақтық органдарында мемлекеттік тіркелуге және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жариялануға жатады.", орыс тіліндегі мәтін өзгермейді;

28-тармақтың екінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"Тұрақты комиссиялар уақытша жұмыс тобының пікірін ескере отырып, тиісті негіздемелермен және есептермен Қостанай облысы бюджетінің жобасы бойынша ұсыныстар әзірлейді және оларды ұсыныстарды жинау мен Қостанай облысы бюджетінің жобасы бойынша қорытынды әзірлеуді жүзеге асыратын бейінді тұрақты комиссияға жібереді.", орыс тіліндегі мәтін өзгермейді;

31-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"31. Мәслихат Қостанай облысы әкімінің есептерін тыңдау жолымен жергілікті бюджеттің, аумақтарды дамыту бағдарламаларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады.", орыс тіліндегі мәтін өзгермейді;

34-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"34. Облыстың тексеру комиссиясының бюджеттің атқарылуы туралы есебін мәслихат жыл сайын қарайды.", орыс тіліндегі мәтін өзгермейді.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қ. Джаманбалин

Қостанай облыстық

мәслихатының хатшысы

С. Ещанов